

**2024 жылы Шығыс Қазақстан облысы және республика бойынша  
аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбесі**

8 наурыз	Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, кино және театр әртісі <a href="#">Әмина Ерғожақызы Өмірзақованың</a> туғанына <b>105 жыл</b> (1919-2006)
22 наурыз	Жазушы, әнші және музыкант <a href="#">Жәнібек Кәрменовтың</a> туғанына <b>75 жыл</b> (1949-1992)
1 сәуір	Жазушы, тарихшы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Күлтегін сыйлығының иегері <b>Қойшығара Салғараұлының</b> туғанына <b>85 жыл</b> (1939)
12 сәуір	Геолог-ғалым, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының және КСРО Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті <b>Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың</b> туғанына <b>125 жыл</b> (1899-1964)
14 мамыр	Қазақ ақыны, драматург, аудармашы және қоғам қайраткері <b>Ілияс Жансүгіровтың</b> туғанына <b>130 жыл</b> (1894-1938)
25 мамыр	Ұлы Отан соғысына қатысушы, Кеңес Одағының Батыры, «Халық Қаһарманы», Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі <b>Сағадат Нұрмағамбетовтың</b> туғанына <b>100 жыл</b> (1924- 2013)
29 тамыз	<a href="#">«Семей» ядролық полигоны</a> , сынақ аймағында бірінші атом бомбасын сынау өткізілді, жарылысқа <b>70 жыл</b> (1949)
3 қыркүйек	Әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор <a href="#">Шерияздан Рүстемұлы Елеукеновтың</a> туғанына <b>95 жыл</b> (1929-2020)
15 қазан	Ақын, жазушы, қоғам қайраткері <b>Сәкен Сейфуллиннің</b> туғанына <b>130 жыл</b> (1894-1938)
15 қазан	Ақын, жазушы, сценарист <b>Бердібек Соқпақбаевтың</b> туғанына <b>100 жыл</b> (1924-1991)
19 қазан	Ұлы Отан соғысына қатысушы, «Халық Қаһарманы» атағының иегері <b>Рахымжан Қошқарбаевтың</b> туғанына <b>100 жыл</b> (1924-1988)
28 қазан	Жазушы, аудармашы, Президенттік Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты <b>Бельгер Герольдтың</b> туғанына <b>90 жыл</b> (1934-2015)
15 қараша	Жазушысы, әңгіме жанрының хас шебері, ақын <b>Бейімбет Майлиннің</b> туғанына <b>130 жыл</b> (1894-1938)
6 желтоқсан	Жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы <b>Әбіш Кекілбаевтың</b> туғанына <b>85 жыл</b> (1939-2015)
16 желтоқсан	Қазақстанның халық әртісі <a href="#">Бибігүл Ахметқызы</a>

	<b><u>Төлегенованың</u></b> туғанына <b>95 жыл</b> (1929)	
25 желтоқсан	Ақын, Қазақстанның халық жазушысы <b>Фариза Оңғарсынованың</b> туғанына 85 жыл (1939-2014)	
<b>Айы, күні белгісіз аталып өтілетін даталар</b>		
	Жошы ұлысының іргесі қалғанғанына (1224)	<b>800 жыл</b>
	Семей өңірінен шыққан атакты шешен <b>Байғара би Құттыбайұлының</b> туғанына (1699-1775)	<b>325 жыл</b>
	Ертіс бекінісінің негізін қалаушы <b>Иван Михайлович Лихаревтың</b> Шығыс Қазақстанға экспедициясының басталғанына (1719)	<b>305 жыл</b>
	<b>Шемонаиха</b> ауылының (қазір қала) негізі қаланғанына (1769)	<b>255 жыл</b>
	Декабрист <b>Степан Михайлович Семеновтың</b> туғанына (1789-1852)	<b>235 жыл</b>
	Белгілі қоғам қайраткері, аға сұлтан, қазақтың ұлы ақыны Абайдың әкесі <b>Құнанбай Өскенбайұлының</b> туғанына 220 жыл (1804-1886)	<b>220 жыл</b>
	Абайдың інісі, әскери қызметкер, ойшыл, аудармашы, ақын <b>Өскенбаев Халиулланың</b> туғанына (1849-1870)	<b>175 жыл</b>
	<b>Ф.М. Достоевскийдің</b> Семей қаласына жер аударылғанына (1854 ақпан- 2 шілде 1859)	<b>170 жыл</b>
	Абайдың замандасы, ақын <b>Көкбай Жанатайұлының</b> туғанына (1864-1927)	<b>160 жыл</b>
	Абай мұрасын тұңғыш бастырушы <b>Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаевтың</b> туғанына (1869-1915)	<b>155 жыл</b>
	Қазақ КСР-інің халық ақыны <b>Төлеу Көбдіковтың</b> туғанына (1874-1954)	<b>150 жыл</b>
	«Алаш» қозғалысының қайраткері, заңгер-публицист <b>Райымжан Мәрсековтың</b> туғанына (1879-1937)	<b>145 жыл</b>
	Абай мұрасын насихаттаушы, абайтанушы <b>Мекайыл Абайұлының</b> туғанына (1884-1931)	<b>140 жыл</b>
	Семей (қазіргі Павлодар) облысы Баянауыл ауданының тумасы, әдебиеттанушы, алаш қайраткері, Семей мұғалімдер семинариясының (1919) түлегі, жазушы-драматург <b>Жүсіпбек Аймауытовтың</b> туғанына (1889-1931)	<b>135 жыл</b>
	Санкт-Петербургтегі Илья Бораганскийдің баспасынан <b>«Қазақ ақыны Ибрагим Құнанбаевтың өлендері»</b> атты тұңғыш жинақтың жарық көргеніне (1909)	<b>115 жыл</b>
<b>ҚАҢТАР</b>		
6 қаңтар	Кеңес Одағының батыры <b>Николай Дмитриевич Авдеевтің</b> туғанына <b>105 жыл</b> (1919-1944)	
6 қаңтар	Өскемен қаласының Құрметті азаматы, ҚазССР-нің еңбек сіңірген құрылысшысы, «Востокпромэлектромонтаж» АҚ Бас директоры болып қызмет істеген <b>Анатолий Павлович</b>	

	<b><u>Түнниковтың</u></b> туғанына <b>85 жыл</b> (1939)
8 қаңтар	<b><u>Ұлан ауданының</u></b> тумасы, пед. ғыл. докт., проф., Халықаралық пед. ғылымдары академиясының академигі <b>Гайнелғазы Әділғазин</b> ның туғанына <b>70 жыл</b> (1954)
10 қаңтар	Ұлан ауданының тумасы, жерлес жазушы <b><u>Мүсілім Құмарбековтің</u></b> туғанына <b>85 жыл</b> (1939-2016)
12 қаңтар	Зайсан ауданының тумасы, ақын, журналист, аудармашы <b><u>Ғалым Байбатыровтың</u></b> туғанына <b>75 жыл</b> (1949 -2012)
12 қаңтар	Зайсан ауданының тумасы тех. ғыл. докт., профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі <b>Михаил Васильевич Дудкин</b> нің туғанына <b>65 жыл</b> (1959)
17 қаңтар	Тарбағатай ауданының тумасы, әнші, сазгер <b><u>Болат Әшірбаевтың</u></b> туғанына <b>60 жыл</b> (1964)
20 қаңтар	ШҚО Өскемен қаласының тумасы, журналист, жазушы-тарихшы <b>Вадим Геннадьевич Обуховтың</b> туғанына <b>65 жыл</b> (1959)
20 қаңтар	<b><u>Тарбағатай ауданының</u></b> тумасы, ақын <b>Тоқтарбек Қамзин</b> нің туғанына <b>45 жыл</b> (1979)
20 қаңтар	География ғылымдарының кандидаты, Өскемен педагогикалық институтының физикалық география кафедрасының деканы, КСРО халық ағарту ісінің үздігі <b><u>Попова Ксения Ивановнаның</u></b> туғанына <b>105 жыл</b> (1919-1998)
24 қаңтар	Кеңес Одағының батыры <b><u>Сергей Михайлович Рубусин</u></b> нің туғанына <b>100 жыл</b> (1924 - 1945)
27 қаңтар	Жазушы, ШҚ білім беру мен баспа ісін дамытуға үлес қосқан саяси қайраткер <b><u>Павел Петрович Бажовтың</u></b> туғанына <b>145 жыл</b> (1879-1950)
30 қаңтар	Ақын, сазгер <b><u>Борис Петрович Аникин</u></b> нің туғанына <b>60 жыл</b> (1964)
қаңтар	<b>70 жыл</b> бұрын <b>Защита-Зырян темір жолы</b> пайдалануға берілді (1954)
<b>АҚПАН</b>	
12 ақпан	<b><u>Зайсан ауданының тумасы,</u></b> Жазушы, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері <b><u>Советхан Ғаббасовтың</u></b> туғанына <b>85 жыл</b> (1939)
22 ақпан	Ұлы Отан соғысының ардагері, Өскемен қаласының Құрметті азаматы, қоғам қайраткері <b><u>Әубәкір Байбатшин</u></b> нің туғанына <b>110 жыл</b> (1914-2011)
28 ақпан	<b>«Невада-Семей» антиядролық қозғалысының құрылып, ядролық сынақтардың тоқтатылғанына 35 жыл</b> (1989)

<b>НАУРЫЗ</b>	
4 наурыз	Өскемен қаласының тумасы, педагог, өнертанушы, бейнелеу өнері жайлы көптеген монографиялардың авторы, ғалым <a href="#">Гүлжауһар Шериязданқызы Елеукенованың</a> туғанына <b>70 жыл</b> (1954-1999)
7 наурыз	Зайсан ауданының тумасы, журналист <a href="#">Ермұрат Сейтқазыұлы Бапидың</a> туғанына <b>65 жыл</b> (1959)
11 наурыз	Геолог <a href="#">Венедикт Андреевич Хахловтың</a> туғанына <b>130 жыл</b> (1894-1972)
20 наурыз	<a href="#">Өскемен</a> қаласындағы <a href="#">Б. Александров</a> атындағы <b>Спорт сарайының</b> ашылғанына <b>55 жыл</b> (1969)
25 наурыз	Кеңес Одағының батыры <a href="#">Трофим Михайлович Клименконың</a> туғанына <b>105 жыл</b> (1919 -2003)
26 наурыз	Өскемен қаласының тумасы өнертанушы, өнертану докторы, профессор, ҚР Суретшілер одағының мүшесі <a href="#">Райхан Әбдешқызы Ерғалиеваның</a> туғанына <b>70 жыл</b> (1954)
30 наурыз	Кеңес Одағының батыры <a href="#">Алексей Иванович Черновтың</a> туғанына <b>100 жыл</b> (1924-1989)
31 наурыз	Белгілі саяхатшы <a href="#">Николай Михайлович Пржевальскийдің</a> туғанына <b>185 жыл</b> (1839-1888)
<b>СӘУІР</b>	
5 сәуір	Журналист, жазушы <a href="#">ШҚО Тарбағатай ауданының</a> тумасы <a href="#">Хадиша Мұқанның</a> туғанына <b>60 жыл</b> (1964-2020)
6 сәуір	Лирик ақын, композитор <a href="#">Нәбиолда Салихұлы Кемешевтің</a> туғанына <b>75 жыл</b> (1949)
22 сәуір	Глубокое ауданының тумасы, май және ірімшік жасау шебері, Социалистік Еңбек Ері, Ұлы Одан соғысының ардагері <a href="#">Виктор Ануфриевич Дороштың</a> туғанына <b>100 жыл</b> (1924-2009)
29 сәуір	Ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының төрағасы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, ҚР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты <a href="#">Ұлықбек Оразбайұлы Есдәулеттің</a> туғанына <b>70 жыл</b> (1954)
<b>МАМЫР</b>	
1 мамыр	Катонқарағайдың тумасы, тех. ғыл. докторы, проф. <a href="#">Төлеухан Нуралдаұлы Бияровтың</a> туғанына <b>75 жыл</b> (1949)
2 мамыр	<a href="#">Ұлан ауданының</a> тумасы, ұшқыш <b>Тоты Әмірованың</b> туғанына <b>55 жыл</b> (1969)
13 мамыр	Жәңгікей ауылының тумасы, журналист, қайраткер, «Мәдениет қайраткері», Қазақстанның еңбек сіңірген

	қайраткері <a href="#">Сайраш Әбішқызының</a> туғанына <b>80 жыл</b> (1944)
15 мамыр	Кеңес Одағының батыры <a href="#">Әйткеш Абайұлы Ыбраевтың</a> туғанына <b>100 жыл</b> (1924-1944)
15 мамыр	<a href="#">Күршім ауданының</a> тумасы, театр және кино актері, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі <b>Ерік Жолжақсыновтың</b> туғанына <b>65 жыл</b> (1959)
15 мамыр	Әнші-ақын, КСРО журналистер одағының мүшесі <a href="#">Карбушев Федор Михайловичтің</a> туғанына <b>120 жыл</b> (1904-1984)
15 мамыр	Өскемен қаласының Құрметті азаматы, «Солдат даңқы» орденінің толық кавалері, қоғам қайраткері <a href="#">Павел Сергеевич Синенконың</a> туғанына <b>115 жыл</b> (1909-1985)
25 мамыр	Кеңес Одағының Батыры <a href="#">Григорий Иванович Вахониннің</a> туғанына <b>105 жыл</b> (1919-1973)
26 мамыр	Шемонайха ауданының тумасы, КСРО Суретшілер Одағының, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі, көптеген халықаралық көрмелерге қатысқан суретші <a href="#">Борис Филиппович Морозовтың</a> туғанына <b>80 жыл</b> (1944)
29 мамыр	Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі, Социалистік Еңбек Ері <a href="#">Жақия Шайжүнісовтың</a> туғанына <b>110 жыл</b> (1914-1983)
<b>МАУСЫМ</b>	
1 маусым	«Лениногорская правда» газетінің (бұрынғы «Горняк в соревновании») шыға бастағанына <b>95 жыл</b> (1929)
2 маусым	Ғалым, түркітанушы <a href="#">Алтай Аманжоловтың</a> туғанына <b>90 жыл</b> (1934-2012)
10 маусым	Тарбағатай ауданының тумасы, жазушы, публицист <a href="#">Нұрғазы Шакеевтың</a> туғанына <b>95 жыл</b> (1929-2008)
14 маусым	Шемонайха ауданының түлегі, тарих ғ.кандидаты, өлкетанушы <a href="#">Иван Дмитриевич Никифоровтың</a> туғанына <b>85 жыл</b> (1939)
15 маусым	Шығыс Қазақстан облысының әкімі, саяси қайраткер, экон. ғыл. докт. <a href="#">Даниал Кенжетайұлы Ахметовтың</a> туғанына <b>70 жыл</b> (1954)
25 маусым	Семей қаласының тумасы, Өскемен құрылыс -жол институтының ректоры (1986-2000), Өскемен қаласының Құрметті азаматы, экономика ғ.-ның докторы <a href="#">Юрий Васильевич Баталовтың</a> туғанына <b>85 жыл</b> (1939)
<b>ШІЛДЕ</b>	
5 шілде	Жазушы-натуралист <a href="#">Борис Васильевич Щербаковтың</a> туғанына <b>85 жыл</b> (1939)
12 шілде	Мемлекет қайраткері, КСРО түсті металлургия Министрі, Шығыс Қазақстанда түсті металлургия саласының дамуына

	үлес қосқан, Өскемен қаласының Құрметті азаматы <a href="#">Петр Фадеевич Ломаконың</a> туғанына <b>120 жыл</b> (1904-1990)
16 шілде	«Казгидроцветмет» Бас институтының Президенті, Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы, Өскемен қаласының Құрметті азаматы <a href="#">Тоқан Жақияұлы Шайжүнісовтың</a> туғанына <b>80 жыл</b> (1944)
20 шілде	<a href="#">Өскемен</a> қаласында <b>Қазақстан ҒА-ның тау-кен металлургия ғылыми зерттеу институтының</b> (қазіргі Алтай геология-экологиялық институты) жұмыс істей бастағанына <b>85 жыл</b> (1939)
27 шілде	Күршім ауданының тумасы, тарих ғылымдарының докторы <a href="#">Альбина Советқызы Жанбосынованың</a> туғанына <b>60 жыл</b> (1964)
28 шілде	Кеңес Одағының батыры <a href="#">Борис Тимофеевич Павловтың</a> туғанына <b>105 жыл</b> (1919-2002)
28 шілде	Журналист, жазушы, ақын <a href="#">ШҚО Катонқарағай ауданының</a> Құрметті азаматы <a href="#">Қызыр Жәнібектің</a> туғанына <b>75 жыл</b> (1949)
<b>ТАМЫЗ</b>	
9 тамыз	Өскемен уезінің тумасы, Ұлы Отан соғысына қатысушы, жазушы, аудармашы журналист <a href="#">Павел Николаевич Кузнецовтың</a> туғанына <b>115 жыл</b> (1909-1967)
14 тамыз	Кеңес Одағының батыры <a href="#">Аркадий Петрович Кукиннің</a> туғанына <b>110 жыл</b> (1914-1944)
15 тамыз	Мемлекет және қоғам қайраткері, ШҚ облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы <a href="#">Александр Константинович Протазановтың</a> туғанына <b>110 жыл</b> (1914-2006)
тамыз	<a href="#">Зайсан қаласының</a> құрылғанына <b>155 жыл</b> (1869)
<b>ҚЫРКҮЙЕК</b>	
3 қыркүйек	Ұлан ауданының тумасы, жазушы, әдебиетші, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, профессор <a href="#">Шерияздан Елеуқеновтың</a> туғанына <b>95 жыл</b> (1929-2020)
9 қыркүйек	Этнограф, өлкетанушы, тарихшы, саяси жер аударылған <a href="#">Николай Яковлевич Коншиннің</a> туғанына <b>160 жыл</b> (1864-1937)
12 қыркүйек	ҚР Гир спорты және армреслинг Федерациясының вице – президенті, семсерлесуден бүкілодақтық дәрежедегі төреші(1980), гир спортынан республикалық дәрежедегі төреші(1991), Өскемен пед. Инст-ның (1956-1978) дене тәрбиесі факультетінің кафедра меңгерушісі <a href="#">Александр Александрович Долгихтің</a> туғанына <b>95 жыл</b> (1929-1999)
13 қыркүйек	Кеңес Одағының батыры <a href="#">Владимир Алексеевич Колесниковтың</a> туғанына <b>100 жыл</b> (1924-2003)
24 қыркүйек	<a href="#">Зайсан ауданының</a> тумасы, ғалым, хим. ғыл. докт., проф.

	<b>Ермек Айтқазыұлы Әубәкіровтың</b> туғанына <b>60 жыл</b> (1964)
<b>ҚАЗАН</b>	
20 қазан	Жазушы <a href="#">Кулиман Жүнісованың</a> (К. Арманова) туғанына <b>100 жыл</b> (1924-1999)
31 қазан	Жазушы, өлкетанушы <a href="#">Станислав Евгеньевич Черныхтың</a> туғанына <b>90 жыл</b> (1934-1991)
<b>ҚАРАША</b>	
5 қараша	Жазушы, этнограф <a href="#">Александр Ефремович Новоселовтың</a> туғанына <b>140 жыл</b> (1884-1918)
6 қараша	Қатонқарағай ауданының тумасы, сыншы, жазушы, әдебиеттанушы-ғалым <a href="#">Баламер Сахариевтің</a> туғанына <b>95 жыл</b> (1929-1979)
14 қараша	Кеңес Одағының Батыры <a href="#">Георгий Тимофеевич Рыжовтың</a> туғанына <b>105 жыл</b> (1919-1997)
16 қараша	Ұлан ауданының тумасы, журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері <a href="#">Мұрат Құрмантайұлы Әміреновтің</a> туғанына <b>85 жыл</b> (1939)
22 қараша	Ұлы Отан соғысына қатысушы, Өскеменде құрылған «Звено Алтая» әдеби үйірмесінің мүшесі, КСРО Журналистер Одағының мүшесі <a href="#">Александр Афанасьевич Афанасьевтің</a> туғанына <b>115 жыл</b> (1909-...)
24 қараша	Кеңес Одағының батыры <a href="#">Андрей Васильевич Суминнің</a> туғанына <b>105 жыл</b> (1919-1986)
27 қараша	Зайсан ауданының тумасы, журналист аудармашы <a href="#">Заманбек Әбдешевтің</a> туғанына <b>75 жыл</b> (1949)
<b>ЖЕЛТОҚСАН</b>	
20 желтоқсан	Тарбағатай ауданының тумасы, Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы, ақын <a href="#">Хамит Балшабековтың</a> туғанына <b>85 жыл</b> (1939-2007)
21 желтоқсан	Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген әртісі, Жамбыл атындағы Шығыс Қазақстан облыстық драма театрының әртісі <a href="#">Иван Афанасьевич Крючковтың</a> туғанына <b>110 жыл</b> (1914-1985)
23 желтоқсан	Ақын <a href="#">Павел Николаевич Васильевтің</a> туғанына <b>115 жыл</b> (1909-1937)
24 желтоқсан	Қазақ академиялық опера және балет театрында <a href="#">«Абай» операсының</a> (либретто М.О. Әуезавтікі, муз. Ғ. Жұбанова мен Л. Хамиди, реж. Қ. Жандарбеков) қойылғанына <b>80 жыл</b> (1944)
28 желтоқсан	Жазушы-натуралист, өлкетанушы, фототілші <a href="#">Александр Григорьевич Лухтановтың</a> туғанына <b>90 жыл</b> (1934)
<b>Айы күні белгісіз аталып өтілетін есімдер</b>	
Өскемен қаласының алғашқы мәрі, саяси жер аударылған, <b>165 жыл</b>	

<b><u>Орест Федорович Костюриннің</u></b> туғанына (1859-1919)	
Омарташы, «Алтаец» рамалы ара ұясын ойлап тапқан <b><u>Терентий Дмитриевич Копыриннің</u></b> туғанына (1869-1955)	<b>155 жыл</b>
<b><u>Өскемен</u></b> қаласында <b>қазақ балаларына арналған интернат</b> ашылғанына (1874 ж.) 1885 жылы ауылшаруашылық мектебі болып өзгерді.	<b>150 жыл</b>
Тарбағатай ауданының тумасы, ақын, жыршы <b><u>Ержан Ахметовтың</u></b> туғанына (1879-1967)	<b>145 жыл</b>
Кеңес Одағының батыры <b><u>Герман Александрович Молодовтың</u></b> туғанына (1914-1945)	<b>110 жыл</b>
Социалистік Еңбек Ері, зыряндық ағаш кесуші <b><u>Тұрысбек Ахметовтың</u></b> туғанына (1914-1991)	<b>110 жыл</b>
Осыдан 110 жыл бұрын <b><u>Өскемен</u></b> қаласында әйелдер гимназиясы ашылды (1914)	<b>110 жыл</b>
Қазақ ССР-нің Еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1971), ҚазССР ҒА-ның академигі, Қаратау, Кенді Алтай, Шыңғыс-Тарбағатай металлогендік аумақтарында зерттеу жұмыстарын жүргізген геолог <b><u>Арықтай Қайыпұлы Қайыповтың</u></b> туғанына (1914-1993)	<b>110 жыл</b>
Өскеменде <b>тұңғыш қалалық телефон линиясы</b> іске қосылып, Халық комиссариаты мен Қалалық Кеңесті жалғастырғанына (1924)	<b>110 жыл</b>
Кеңес Одағының батыры, <b><u>Григорий Федосеевич Ивановтың</u></b> туғанына (1919-1945)	<b>105 жыл</b>
Марқакөл ауданының тумасы, жылқышы, Социалистік Еңбек Ері <b><u>Шәріп Дәуітбаевтың</u></b> туғанына (1924-1953)	<b>100 жыл</b>
Глубокое ауданының тумасы, Кеңес Одағының батыры <b><u>Клим Тимофеевич Клиновицкийдің</u></b> туғанына (1924-1944)	<b>100 жыл</b>
Жазушы, ақын, драматург <b><u>Қажығұмар Шабданұлының</u></b> туғанына (1924-2011)	<b>100 жыл</b>
Глубокое ауданының тумасы, кенші, Социалистік Еңбек Ері <b><u>Николай Семенович Демагиннің</u></b> туғанына (1929)	<b>95 жыл</b>
<b>Шемонаиха халық театры</b> , Шығыс Қазақстан облысында ұжым ретінде құрылғанына (1939)	<b>85 жыл</b>
Күршім ауданының тумасы, әнші, термеші, актер, режиссер <b><u>Тоқтаубек Сәтейұлы Әлдиевтің</u></b> туғанына (1949-2008)	<b>75 жыл</b>
Шығыс Қазақстан <b><u>облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының</u></b> құрылғанына (1959)	<b>65 жыл</b>
Өскемен <b><u>конденсатор зауытының</u></b> алғашқы өнімдерін бере бастағанына (1959)	<b>65 жыл</b>
Өскемен <b>цемент зауытының</b> іске қосылғанына (1964)	<b>60 жыл</b>
Өскемен қаласында ШҚ облыстық <b><u>жас техниктер станциясының</u></b> ашылғанына (1964)	<b>60 жыл</b>
<b>МЕРЕЙГЕР-КІТАПТАР</b>	



Абай өлеңдерінің алғашқы жинағына (1909)	<b>115 ЖЫЛ</b>
С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романына (1914)	<b>110 ЖЫЛ</b>
С. Торайғыровтың «Кедей» поэмасына (1919)	<b>105 ЖЫЛ</b>
М. Әуезовтың «Көксерек» әңгімесіне (1929)	<b>95 ЖЫЛ</b>
Ғ. Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» трагедиясына (1939)	<b>85 ЖЫЛ</b>
А. М. Волковтың «Волшебник Изумрудного города» кітабына (1939)	<b>85 ЖЫЛ</b>
А. М. Волковтың «Семь подземных королей» (1939)	<b>85 ЖЫЛ</b>
С. Бегалиннің «Қыран кегі» поэмасына (1944)	<b>80 ЖЫЛ</b>
М. Әуезовке «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін Ленин сыйлығының берілгеніне (1959)	<b>65 ЖЫЛ</b>
Қ. Қайсеновтың «Партизан соқпақтары» кітабына (1964)	<b>60 ЖЫЛ</b>
М. Қабанбаевтың «Ащы дәм» романына (1979)	<b>45 ЖЫЛ</b>